

**Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 38/05 "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамымен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасының шеңберінде бюджеттік кредит берудің негізгі шарттарын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қарағанды облысының әкімдігінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 28/01 қаулысы.  
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 4 мамырда № 6596-09 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамымен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасының шеңберінде бюджеттік кредит берудің негізгі шарттарын бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 маусымдағы №38/05 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4308 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының әкімі*

*Е. Булекпаев*